Біртұтас тәрбие бағдарламасы



«Таза Қазақстан»

экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы

2025-2026 оқу жылы

«Бекітемін»
И.Панфилов ауылдағы
№5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«___» қаңтар 2026ж.

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын 2024-2029 жылдарға іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Бағыттар мен іс-шара атаулары	Мерзімі	Іске асыру түрі
1	«Таза әлем өз қолында!» Экологиялық білім мен үгіт-насихат сағаттары.	19-23 кантар	Дөңгелек үстел, ашық сабактар
2	«Таза Қазақстан» жобасы аясында – қар тазалық акциясы	26-30 қаңтар	Тазалық акциясы
3	«Табиғатты аялайық» суреттер көрмесі	02-06 ақпан	Суреттер көрмесі
4	«Қоршаған ортаны қорғайық» сынып сағаттары	09-13 ақпан	Сынып сағаттары
5	«Табиғатты аялайық» таратпа материалдар тарату акциясы	16-20 акпан	Тазалық акциясы
6	«Табиғатты сақтау- болашақты сақтау» ғылыми жобалар семинары	23-27 ақпан	Ғылыми жобалар семинары
7	«Табиғатты аяла» Қоршаған ортаны қорғау туралы білімді тарату	02-06 наурыз	Бейнероликтер мен суреттер
8	«Батарейка тапсыр табиғатты сақта!» Пайдаланылған қуат көздерін арнайы жәшікке жинау.	09-13 наурыз	Эко-бокс орнату
9	«Қағазға өмір сыйла!» Макулатура жинаудан сыныптар арасындағы жарыс	06-10 сәуір	Акция, жинау пункті
10	«Керексіз заттан керемет туынды» Калдықтардан (пластик, картон) жасалған бұйымдар көрмесі.	20-24 сәуір	Шығармашылық байқау
11	«Құс асханасы» мен «Аула тазалығы» Мектеп ауласын абаттандыру, жемсауыттар ілу.	04-08 мамыр	Еріктілер жұмысы (Волонтерлік)

12	«Бір күн пластиксіз» (Digital Challenge) Мектептің Facebook парақшасында эко-челлендж бастау.	18-22 мамыр	Әлеуметтік желідегі посттар

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: "Таза Қазақстан" жобасы аясында – тал егу акциясы*
Қамтылған оқушы саны*: 120*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева,*
Сілтемесі: *https://www.facebook.com/share/p/1DtyxXKWLy/*

Таза Қазақстан жобасы аясында мектебімізде тал егу акциясы өткізілді. Аталған шараның негізгі мақсаты – ұстаздар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлықты арттыру, қоршаған ортаны көгалдандыру, мектеп ауласын көркейту және жас ұрпаққа үлгі көрсету болып табылады.

Акция барысында мектеп мұғалімдері белсенділік танытып, табиғатты көркейтуге өз үлестерін қосты. Ұстаздар өз үйлерінен тал көшеттерін әкеліп, мектеп ауласына отырғызды. Бұл игі бастама ұжымның бірлігін нығайтып, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырды.

Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, табиғатты қорғауға және елді мекенді көгалдандыруға бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі ретінде жүзеге асырылды.

Қорытынды

Аталған акция ұстаздардың экологиялық санасын арттырып қана қоймай, мектеп аумағын көгалдандыруға нақты үлес қосты. Осындай игі шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, табиғатты қорғау мен оны аялау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Табиғатты аялау – келешекке қамқорлық.



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: "Таза Қазақстан" жобасы аясында – қар тазалау акциясы*
Қамтылған оқушы саны*: 35*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева,*
Сілтемесі: *https://www.facebook.com/share/r/18QWx2HqeM/*

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жас ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осы бағыттағы жұмыстардың жалғасы ретінде Панфилов Парламентінің еріктілері мектеп ауласында қар тазалау жұмыстарына белсене қатысып, өз үлестерін қосты.

☑Аталған іс-шара барысында еріктілер мектеп аумағын қардан тазартып, білім алушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға атсалысты. Қар тазалау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, мектеп ауласының тазалығы мен тәртібіне ерекше назар аударылды. Бұл шара тек қана тазалық жұмыстарымен шектелмей, еріктілер арасында бірлік пен ұйымшылдықты нығайтуға, қоғамдық жұмысқа деген жауапкершілікті арттыруға ықпал етті.

☑Іс-шараның негізгі мақсаты – жастарды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, қоршаған ортаны аялауға шақыру, еңбекке баулу және азаматтық белсенділікті дамыту болып табылады. Панфилов Парламентінің еріктілері бұл бастаманың маңыздылығын түсіне отырып, жоғары белсенділік танытты. Осындай игі шаралар арқылы жастардың табиғатқа деген жанашырлығы артып, қоғамға пайдалы істерге атсалысуы қалыптасады. «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Қорытынды

Таза Қазақстан тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған бұл шара жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Панфилов Парламенті еріктілерінің белсенділігі мен ұйымшылдығы – олардың азаматтық ұстанымының қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Қар тазалау жұмыстары мектеп ауласында қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, жастарды еңбеккорлыққа, тазалыққа және қоғамдық іске бейжай қарамауға тәрбиеледі.

Осындай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, өскелең ұрпақтың табиғатқа жанашыр, қоғамға пайдалы, белсенді азамат болып қалыптасуына негіз болады.



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: «Табиғатты аялайық» суреттер көрмесі*
Қамтылған оқушы саны*: 110*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева,*
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/14bkQUZF124/

И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі мектебінде Таза Қазақстан экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында 5–7 сынып оқушылары арасында «Табиғатты аялайық» тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді.

Көрмеге ұсынылған жұмыстарда оқушылар табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын және экологиялық мәдениеттің негіздерін шығармашылық тұрғыда бейнеледі. Шара оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыруға, жауапкершілік пен табиғатқа ұқыпты көзқарасты дамытуға ықпал етті.

Қорытынды

Аталған көрме жас ұрпақтың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік берді. Оқушылар өз туындылары арқылы табиғатты қорғау – барша адамзаттың ортақ міндеті екенін айқын көрсете білді.

Мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар балалардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, оларды қоршаған ортаға бейжай қарамауға, табиғатты аялауға және сақтауға үндейді. Алдағы уақытта да осындай бастамалар жалғасын тауып, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын саналы азамат болып қалыптасуына негіз болады.

Табиғатты қорғау — біздің міндетіміз!



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: «Табиғатты аялайық» таратпа материалдар тарату акциясы*
Қамтылған оқушы саны*: 550*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева,*
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1ASfVTUrAL/

Таза Қазақстан экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес мектебімізде «Табиғатты аялайық» тақырыбында таратпа материалдар үлестірілді.

Шара барысында оқушыларға қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды үнемдеу, тазалық сақтау және экологиялық жауапкершілік туралы ақпараттық парақшалар таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.


Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа жанашырлық сезімін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті нығайту және «жасыл» өмір салтын насихаттау.

Қорытынды

Аталған шара оқушылардың табиғатқа деген саналы көзқарасын қалыптастыруға және экологиялық сауаттылығын арттыруға оң әсерін тигізді. Таратпа материалдар арқылы білім алушылар қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын терең түсініп, күнделікті өмірде табиғатты аялау қағидаларын ұстануға бағыт алды.

Осындай мазмұнды іс-шаралар жас ұрпақтың бойында жауапкершілік пен жанашырлық қасиеттерін дамытып, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін нығайта түседі.

Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Болашақтың жарқын болуы – бүгінгі әрекетімізге байланысты!



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Меплибаева

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: «Қоршаған ортаны қорғайық»
Қамтылған оқушы саны: *60*
Жауапты: *А.Алиев,А.Менлибаева,*
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1Khofge3Yx/

Таза Қазақстан экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында мектебімізде «Қоршаған ортаны қорғайық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, экологиялық сауаттылықты арттыру және туған жердің тазалығын сақтауға үндеу.

Сынып сағаттары барысында оқушылар қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы пікір алмасып, табиғатты сақтау жолдарын талқылады. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, экологиялық мәселелердің алдын алу жолдары жөнінде ұсыныстар айтты, күнделікті өмірде «жасыл» дағдыларды қалыптастырудың маңызын түсінді.

Қорытынды

Аталған сынып сағаттары білім алушылардың табиғатқа деген жанашырлық сезімін оятып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қажеттігін терең ұғынуына ықпал етті. Теориялық мәліметтер мен ашық талқылаулар арқылы оқушылар экологиялық мәдениеттің тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрініс табуы керектігін түсінді.

Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жас ұрпақтың азаматтық белсенділігін арттырып, туған жердің тазалығын сақтауға, табиғатты қорғауға және болашақ үшін жауапкершілік алуға бағыттайды.

Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті!





Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева